

Қазақстан Республикасының  
Президенті  
**ЖАРЛЫҚ**



Президент  
Республики Казахстан  
**У К А З**

Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі  
актілерінің жинағында және республикалық  
баспасөзде жариялануға тиіс

**Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір  
жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:
  - 1) 2013 жылғы 1 наурызға дейін мемлекеттік органдарда ішкі аудит қызметін құру мен оның жұмысын реттейтін тиісті нормативтік құқықтық актілер әзірлеуді қамтамасыз етсін;
  - 2) осы Жарлықтан туындайтын өзге де шаралар қабылдасын.
3. Осы Жарлық, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізілетін Жарлықтың 2-тармағының 1) тармақшасын қоспағанда, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Президенті**

**Н.Назарбаев**

Астана, Ақорда, 2012 жылғы 16 қараша

№ 435



Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2012 жылғы 16 қарашадағы  
№ 435 Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Президентінің  
кейбір жарлықтарына енгізілетін  
ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

1. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне тәртіптік жаза қолдану ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 31 желтоқсандағы № 321 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., № 58, 562-құжат; 2002 ж., № 18, 196-құжат; 2005 ж., № 27, 329-құжат; 2007 ж., № 49, 599-құжат; 2011 ж., № 19, 229-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне тәртіптік жаза қолдану ережесінде:

бірінші бөлімнің төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Орталық атқарушы органда, еңбек қатынастарының мәселелері заңнамалық актілерге сәйкес жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың құзыретіне жатқызылған қызметшілерді қоспағанда, орталық атқарушы орган қызметшілерінің тәртіптік жауапкершілігі мәселелерін орталық атқарушы органның жауапты хатшысы немесе белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлға, ал орталық атқарушы органның жауапты хатшысы немесе көрсетілген лауазымды тұлға болмаған жағдайда - орталық атқарушы органның басшысы шешеді.».

2. «Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді аттестациядан өткізу ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы № 327 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., № 1, 1-құжат; 2001 ж., № 18, 222-құжат; 2003 ж., № 15, 149-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді аттестациядан өткізу ережелерінде:

5-2-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл ретте орталық атқарушы органның жауапты хатшысы немесе белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлға аумақтық органдар басшыларының және басшылары орынбасарларының аттестациядан өту мәселелерін шешеді.».



3. «Мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 10 наурыздағы № 357 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2000 ж., № 15, 141-құжат; 2001 ж., № 18, 222-құжат; 2003 ж., № 15, 149-құжат; 2004 ж., № 14, 172-құжат; 2007 ж., № 43, 499-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі туралы ережеде:

7-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7-1. Мемлекеттік органның қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатуды қызметтік өкілеттіктеріне сәйкес осындай құқығы бар лауазымды тұлға жүзеге асырады.

Орталық атқарушы органда, еңбек қатынастарының мәселелері жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, орталық атқарушы орган қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатуды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орталық атқарушы органның жауапты хатшысы немесе белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлға, ал орталық атқарушы органның жауапты хатшысы немесе көрсетілген лауазымды тұлға болмаған жағдайда - орталық атқарушы органның басшысы жүзеге асырады.

Бұл ретте орталық атқарушы органның жауапты хатшысы немесе белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлға орталық атқарушы органның басшысының келісімі бойынша орталық атқарушы орган басшысы немесе оның орынбасарлары қадағалайтын орталық атқарушы органның департаменттері директорларын және дербес басқармалары бастықтарын және қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Орталық атқарушы органның жауапты хатшысы немесе белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлға, еңбек қатынастары мәселелері заңнамалық актілерге сәйкес жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, орталық атқарушы орган басшысының келісімі бойынша аумақтық органдары мен бөлімшелердің басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Орталық атқарушы органның жауапты хатшысы немесе белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлға, еңбек қатынастары мәселелері заңнамалық актілерге сәйкес жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, аумақтық органдар мен бөлімшелер басшыларының орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орталық атқарушы

орган қызметкерлерінің еңбек қатынастары мәселелерін жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар шешеді.

Орталық атқарушы органның жауапты хатшысы немесе белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлға тағайындау үшін ведомстволар басшылары ұсынған ведомстволар басшыларының орынбасарларын тағайындайды.»

4. «Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі кадр саясатының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы № 828 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., № 17, 212-құжат; № 21, 265-құжат; 2005 ж., № 29, 362-құжат; 2006 ж., № 23, 229-құжат; 2007 ж., № 42, 479-құжат; 2009 ж., № 34, 321-құжат; 2010 ж., № 51, 466-құжат; 2011 ж., № 39, 472-құжат; 2011 ж., № 41, 518-құжат; 2011 ж., № 51, 685-құжат; 2012 ж., № 35, 457-құжат; 2012 ж., № 54, 717-құжат; 2012 ж., № 58, 793-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік саяси қызметшілер лауазымдарының және Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын немесе оның келісуімен тағайындалатын, оның ұсынуы бойынша сайланатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша тағайындалатын өзге де басшы лауазымды адамдардың тізбесінде:

мына:

«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот актілерін орындау комитетінің Астана және Алматы қалалары, облыстар бойынша аумақтық органдарының басшылары»	Әділет министрі	Сот актілерін орындау комитетінің төрағасы	Әкімшілік Басшысы»;
---	-----------------	--	---------------------

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот актілерін орындау комитетінің Астана және Алматы қалалары, облыстар бойынша аумақтық органдарының басшылары»	жауапты хатшы	Сот актілерін орындау комитетінің төрағасы	Әкімшілік Басшысы, Әділет министрі»;
---	---------------	--	--------------------------------------



жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік саяси қызметшілерін және өзге де лауазымды тұлғаларын келісу, қызметке тағайындау және қызметтен босату тәртібі туралы ережеде:

3-тармақта:

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«министрліктер ведомстволары және орталық мемлекеттік органдар аумақтық бөлімшелерінің басшылары жөнінде (жауапты хатшы лауазымы енгізілген мемлекеттік органдарды қоспағанда) - тиісті орталық мемлекеттік органдардың басшылары;»;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«орталық атқарушы органдардың жауапты хатшылары тағайындайтын лауазымды тұлғалар жөнінде - тиісті орталық мемлекеттік органдардың жауапты хатшылары;».

5. «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органының жауапты хатшысының мәртебесі мен өкілеттіктері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 27 шілдедегі № 372 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 25, 285-құжат; 2010 ж., № 36, 289-құжат):

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жауапты хатшы:

1) Республика Президенті Әкімшілігінің ұсынуы бойынша және Республика Премьер-Министрінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын, ерекше мәртебеге ие мемлекеттік қызметші болып табылады;

2) лауазымы бойынша:

Республика Президентіне, Республика Премьер-Министріне және тиісті орталық атқарушы органның басшысына есеп беретін;

оның қызметіне бақылауды Республика Президенті не оның уәкілеттік беруі бойынша Республика Президентінің Әкімшілігі, Республика Премьер-Министрі, сондай-ақ тиісті орталық атқарушы органның басшысы өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын тұлға болып табылады;

3) Республика Президенті Әкімшілігінің алдында өз қызметінің қорытындылары туралы, соның ішінде «Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығына сәйкес жүзеге асырылатын орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау қорытындылары бойынша жылына екі рет есеп береді);

4) Үкімет, орталық атқарушы органның басшысы орнынан түскен жағдайда өзінің өкілеттіліктерін тоқтатпайды деп белгіленсін.»;

мынадай мазмұндағы 2-1, 2-2 және 2-3-тармақтармен толықтырылсын:

«2-1. Жауапты хатшы лауазымына кандидатураларды қарау рәсімі жұмыс істеп жүрген жауапты хатшының өкілеттіктерінің мерзімі аяқталған сәтке дейін кемінде бір ай бұрын жүзеге асырылады.

2-2. Жауапты хатшы өкілеттіктерінің мерзімі – оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының ұсынуы және Республика Премьер-Министрінің келісімі бойынша бір реттен артық емес ұзарту мүмкіндігімен ол тағайындалған күннен бастап 4 жыл.

2-3. Жауапты хатшы мемлекеттік қызмет туралы заңнамада көзделген жағдайларда атқаратын қызметінен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының ұсынуы бойынша мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін.»;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген жауапты хатшының өкілеттігі осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

6. «Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2010 ж., № 24, 173-құжат; 2011 ж., № 8, 95-құжат; 2011 ж., № 52, 710-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесінде:

мынадай мазмұндағы 62-1-тармақпен толықтырылсын:

«62-1. Бағалау қорытындылары бойынша бағаланып отырған мемлекеттік орган қызметінің тиімділік көрсеткіштері төмендеген, сондай-ақ қызметтің жетекшілік етілетін саласындағы ахуал нашарлаған жағдайда Сараптама комиссиясы бағаланып отырған орталық атқарушы органның тиісті мемлекеттік саяси қызметшісің, жауапты хатшысын жауапкершілікке тарту туралы мәселеге бастамашылық етеді.»;

71-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«71. Тиімділігін бағалауға жатқызылған мемлекеттік органдардың мемлекеттік саяси қызметшілеріне, сондай-ақ орталық атқарушы органдардың жауапты хатшыларына тиімділікке бағалау жүргізу үшін есепті кезең ішіндегі ақпараттың дәйектілігі, толықтығы және уақтылы берілуі үшін жеке жауапкершілік жүктеледі.».



Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2012 жылғы 16 қарашадағы  
№ 435 Жарлығына  
ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2007 жылғы 27 шілдедегі  
№ Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

### **Жауапты хатшының ӨКІЛЕТТІКТЕРІ**

1. Жауапты хатшы:

- 1) мемлекеттік басқарудың тиісті салаларындағы (аясындағы) саясаттың іске асырылуын қамтамасыз етеді;
- 2) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органның бірінші басшысының актілері мен тапсырмаларын орындайды;
- 3) орталық атқарушы органның аппаратына басшылықты жүзеге асырады: оның бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;
- 4) орталық атқарушы органның, оның ведомстволарының, сондай-ақ аумақтық органдары мен бөлімшелерінің қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдық-құқықтық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;
- 5) орталық атқарушы органның басшысымен келіскеннен кейін мемлекеттік органның, ведомстволарының, аумақтық органдары мен бөлімшелерінің Республика Үкіметі бекіткен штат санының лимиті шегінде құрылымы мен штат санын бекітеді, сондай-ақ мемлекеттік органды қайта құрған, оның функциялары өзгерген және тиісті нормативтік құқықтық акті қабылданған жағдайда органның, ведомстволарының, аумақтық органдары мен бөлімшелерінің құрылымы мен штат санына өзгерістер енгізеді;
- 6) орталық атқарушы органның басшысымен келісім бойынша органның құрылымдық бөлімшелері және орталық атқарушы органның басшысы немесе оның орынбасары қадағалайтын ведомстволары туралы ережелерді бекітеді;

7) орталық атқарушы органның өзі қадағалайтын құрылымдық бөлімшелері, аумақтық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

8) орталық атқарушы органның қызметін кадрлық, қаржылық, заңдық, әкімшілік, құжаттамалық, ақпараттық қамтамасыз етуге, мемлекеттік тілді дамыту саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу рәсімдерінің орындалуына жауапты құрылымдық бөлімшелердің қызметін қадағалайды;

9) орталық атқарушы органның тәртіптік, аттестациялау және конкурстық комиссияларының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, олардың құрамын қалыптастырады және өзі қадағалайтын құрылымдық бөлімшелердің басшылары арасынан төрағаларды анықтайды;

10) атқарушылық және еңбек тәртібінің сақталуын бақылайды;

11) атқарушы органның мемлекеттік сатып алу саласына жалпы басшылықты жүзеге асырады:

мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын бекітеді;

конкурстық комиссияның құрамын бекітеді;

конкурстық құжаттаманы бекітеді;

төлеу есеп шоттарына қол қояды;

12) атқарушы органның қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік сатып алуларды өткізуді ұйымдастырады және сол үшін жауап береді, соның ішінде:

техникалық тапсырманы бекітеді;

конкурстық комиссияның отырыстарына төрағалық етеді, өтінімдерді қарайды, өткізілген мемлекеттік сатып алулардың қорытындылары туралы ашу, рұқсат ету хаттамаларына қол қояды не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда бұл өкілеттіктерді орталық атқарушы органның өзге лауазымды адамдарына жүктейді;

конкурс жеңімпаздарымен мемлекеттік сатып алу шартын жасайды;

13) орталық атқарушы органның басшысымен келісім бойынша орталық атқарушы орган басшысы немесе оның орынбасарлары қадағалайтын орталық атқарушы орган департаменттері директорларын және дербес басқармалары бастықтарын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

14) заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда ведомстволар басшылары тағайындау үшін ұсынған ведомстволар басшыларының орынбасарларын орталық мемлекеттік орган басшысының тағайындауына келіседі;

15) еңбек қатынастары мәселесі заңнамалық актілерге сәйкес жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, ведомстволар басшылары тағайындау үшін ұсынған ведомстволар басшыларының орынбасарларын тағайындайды;

16) еңбек қатынастары мәселесі заңнамалық актілерге сәйкес жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, аумақтық органдар мен



бөлімшелердің басшыларын орталық атқарушы орган басшысымен келісе отырып, қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

17) еңбек қатынастары мәселесі заңнамалық актілерге сәйкес жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, аумақтық органдар мен бөлімшелердің басшыларының орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

18) осы өкілеттіктердің 13) тармақшасында көрсетілген лауазымды адамдарды, сондай-ақ еңбек қатынастары мәселесі заңнамалық актілерге сәйкес жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, орталық атқару органның қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

19) орталық атқарушы органның қызметкерлерін, ведомство басшылары мен олардың орынбасарларын, сонымен бірге аумақтық органдардың басшыларын іссапарға жіберу, еңбек демалысын беру, материалдық көмек көрсету, дайындау (қайта дайындау), біліктілігін арттыру, ынталандыру, үстемақы және сыйақы төлеу мәселелерін шешеді;

20) еңбек қатынастары мәселесі заңнамалық актілерге сәйкес жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, орталық атқарушы орган қызметкерлерінің тәртіптік жауапкершілік мәселелерін шешеді;

21) орталық атқарушы органның стратегиялық жоспарын іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

22) құрылымдық бөлімшелердің ұсыныстары негізінде әзірленген операциялық жоспарды, сондай-ақ қажет болған жағдайда мемлекеттік органның перспективалық, жылдық және тоқсандық жұмыс жоспарларын бекітеді, олардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

23) орталық атқарушы органның бюджеттік өтінімін дайындауды, бюджеттік өтінімді Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізетін орталық атқарушы органның басшысына ұсынуды, сондай-ақ бюджет процесінің өзге де рәсімдерін орындауды қамтамасыз етеді;

24) органның қаржыландыру жоспарларын және мемлекеттік органның қаржылық есептілігін әзірлеп, бекітуді қамтамасыз етеді;

25) мемлекеттік қызмет көрсету регламенттері мен стандарттарын әзірлеуді ұйымдастырады;

26) орталық мемлекеттік органның, оның ведомстволарының, аумақтық органдары мен бөлімшелерінің, сондай-ақ бағынысты ұйымдарының мемлекеттік қызмет көрсету сапасына мониторинг пен бақылауды қамтамасыз етеді;

27) тиісті орталық атқарушы органның құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

28) өз құзыреті шегінде басқа мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара қатынаста мемлекеттік органның атынан өкілеттік етеді;

29) өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы заңнама талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді;

30) Қазақстан Республикасының заңдарында және Республика Президентінің актілерінде жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Жауапты хатшы өзіне жүктелген қызметтік міндеттерді орындау үшін:

1) орталық аппараттың, мемлекеттік органның ведомстволары мен аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлеріне орындалуы міндетті тапсырмаларды беруге;

2) өзге мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан жауапты хатшының құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешу үшін қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды сұратуға және алуға;

3) дербес қолданылатын құқықтық актілерді қабылдауға құқығы бар.

3. Жауапты хатшы уақытша болмаған кезеңде (еңбек демалысы, іссапар, ауруы және басқа да негіздер) оның өкілеттіктері өзіне бағынысты департаменттерінің бірінің директорына жүктеледі.

4. Жауапты хатшыға орталық атқарушы органның бірінші басшысының міндеттерін, сондай-ақ жауапты хатшының міндеттерін орталық атқарушы органның бірінші басшысы мен оның орынбасарына жүктеуге жол берілмейді.

---



Қазақстан Республикасының  
Президенті  
**ЖАРЛЫҚ**



Президент  
Республики Казахстан  
**УКАЗ**

Подлежит опубликованию в Собрании актов  
Президента и Правительства Республики  
Казахстан и республиканской печати

**О внесении изменений и дополнений в некоторые указы  
Президента Республики Казахстан**

**ПОСТАНОВЛЯЮ:**

1. Утвердить прилагаемые изменения и дополнения, которые вносятся в некоторые указы Президента Республики Казахстан.
2. Правительству Республики Казахстан:
  - 1) до 1 марта 2013 года обеспечить разработку соответствующих нормативных правовых актов, регулирующих создание и деятельность службы внутреннего аудита в государственных органах;
  - 2) принять меры, вытекающие из настоящего Указа.
3. Настоящий Указ вводится в действие со дня введения в действие Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам государственной службы», за исключением подпункта 1) пункта 2 Указа, который вводится в действие со дня подписания.

**Президент  
Республики Казахстан**

**Н.Назарбаев**

Астана, Акорда, 16 ноября 2012 года

№ 435

УТВЕРЖДЕНЫ  
Указом Президента  
Республики Казахстан  
от 16 ноября 2012 года  
№ 435

**ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ,  
которые вносятся в некоторые указы  
Президента Республики Казахстан**

1. В Указ Президента Республики Казахстан от 31 декабря 1999 года № 321 «Об утверждении Правил наложения дисциплинарных взысканий на административных государственных служащих Республики Казахстан» (САПП Республики Казахстан, 1999 г., № 58, ст. 562; 2002 г., № 18, ст. 196; 2005 г., № 27, ст. 329; 2007 г., № 49, ст. 599; 2011 г., № 19, ст. 229):

в Правилах наложения дисциплинарных взысканий на административных государственных служащих Республики Казахстан, утвержденных вышеназванным Указом:

часть четвертую главы первой изложить в следующей редакции:

«В центральном исполнительном органе вопросы дисциплинарной ответственности служащих центрального исполнительного органа, за исключением служащих, вопросы трудовых отношений которых в соответствии с законодательными актами отнесены к компетенции вышестоящих государственных органов и должностных лиц, решает ответственный секретарь центрального исполнительного органа или должностное лицо, на которое в установленном порядке возложены полномочия ответственного секретаря центрального исполнительного органа, а в случаях отсутствия ответственного секретаря центрального исполнительного органа или указанного должностного лица - руководитель центрального исполнительного органа.»

2. В Указ Президента Республики Казахстан от 21 января 2000 года № 327 «Об утверждении Правил проведения аттестации административных государственных служащих» (САПП Республики Казахстан, 2000 г., № 1, ст. 1; 2001 г., № 18, ст. 222; 2003 г., № 15, ст. 149):

в Правилах проведения аттестации административных государственных служащих, утвержденных вышеназванным Указом:

часть третью пункта 5-2 изложить в следующей редакции:

«При этом ответственный секретарь центрального исполнительного органа или должностное лицо, на которое в установленном порядке возложены полномочия ответственного секретаря центрального исполнительного органа, решает вопросы прохождения аттестации руководителей и заместителей руководителей территориальных органов.»



3. В Указ Президента Республики Казахстан от 10 марта 2000 года № 357 «Об утверждении Положения о порядке прохождения государственной службы» (САПП Республики Казахстан, 2000 г., № 15, ст. 141; 2001 г., № 18, ст. 222; 2003 г., № 15, ст. 149; 2004 г., № 14, ст. 172; 2007 г., № 43, ст. 499):

в Положении о порядке прохождения государственной службы, утвержденном вышеназванным Указом:

пункт 7-1 изложить в следующей редакции:

«7-1. Назначение на должности и освобождение от должностей работников государственного органа осуществляются лицом, имеющим такое право в соответствии с должностными полномочиями.

В центральном исполнительном органе назначение на должности и освобождение от должностей работников центрального исполнительного органа, за исключением работников, вопросы трудовых отношений которых в соответствии с законодательными актами отнесены к компетенции вышестоящих государственных органов и должностных лиц, осуществляются в соответствии с законодательством Республики Казахстан ответственным секретарем центрального исполнительного органа или должностным лицом, на которое в установленном порядке возложены полномочия ответственного секретаря центрального исполнительного органа, а в случаях отсутствия ответственного секретаря центрального исполнительного органа или указанного должностного лица - руководителем центрального исполнительного органа.

При этом ответственный секретарь центрального исполнительного органа или должностное лицо, на которое в установленном порядке возложены полномочия ответственного секретаря центрального исполнительного органа, по согласованию с руководителем центрального исполнительного органа назначает на должности и освобождает от должностей директоров департаментов и начальников самостоятельных управлений центрального исполнительного органа, курируемых руководителем центрального исполнительного органа или его заместителями.

Ответственный секретарь центрального исполнительного органа или должностное лицо, на которое в установленном порядке возложены полномочия ответственного секретаря центрального исполнительного органа, по согласованию с руководителем центрального исполнительного органа назначает на должности и освобождает от должностей руководителей территориальных органов и подразделений, за исключением работников, вопросы трудовых отношений которых в соответствии с законодательными актами отнесены к компетенции вышестоящих государственных органов и должностных лиц.

Ответственный секретарь центрального исполнительного органа или должностное лицо, на которое в установленном порядке возложены полномочия ответственного секретаря центрального исполнительного органа, назначает на должности и освобождает от должностей заместителей руководителей территориальных органов и подразделений, за исключением работников, вопросы трудовых отношений которых в соответствии с

законодательными актами отнесены к компетенции вышестоящих государственных органов и должностных лиц.

Вопросы трудовых отношений работников центрального исполнительного органа, назначаемых на должности и освобождаемых от должностей вышестоящими государственными органами и должностными лицами, решаются вышестоящими государственными органами и должностными лицами.

Ответственный секретарь центрального исполнительного органа или должностное лицо, на которое в установленном порядке возложены полномочия ответственного секретаря центрального исполнительного органа, назначает заместителей руководителей ведомств, представляемых для назначения руководителями ведомств.»

4. В Указ Президента Республики Казахстан от 29 марта 2002 года № 828 «О некоторых вопросах кадровой политики в системе органов государственной власти» (САПП Республики Казахстан, 2004 г., № 17, ст. 212; № 21, ст. 265; 2005 г., № 29, ст. 362; 2006 г., № 23, ст. 229; 2007 г., № 42, ст. 479; 2009 г., № 34, ст. 321; 2010 г., № 51, ст. 466; 2011 г., № 39, ст. 472; 2011 г., № 41, ст. 518; 2011 г., № 51, ст. 685; 2012 г., № 35, ст. 457; 2012 г., № 54, ст. 717; 2012 г., № 58, ст. 793):

в Перечне должностей политических государственных служащих и иных должностных лиц, назначаемых Президентом Республики Казахстан или по согласованию с ним, избираемых по его представлению, а также назначаемых по согласованию с Администрацией Президента Республики Казахстан, утвержденном вышеназванным Указом:

строку:

«Руководители территориальных органов по городам Астане и Алматы, областям Комитета по исполнению судебных актов Министерства юстиции Республики Казахстан	Министром юстиции	Председателем Комитета по исполнению судебных актов	Руководителем Администрации»
--	----------------------	--	---------------------------------

изложить в следующей редакции:

«Руководители территориальных органов по городам Астане и Алматы, областям Комитета по исполнению судебных актов Министерства юстиции Республики Казахстан	ответственным секретарем	председателем Комитета по исполнению судебных актов	Руководителем Администрации, Министром юстиции»;
---	-----------------------------	--	---



в Положении о порядке согласования, назначения на должность и освобождения от должности политических государственных служащих и иных должностных лиц Республики Казахстан, утвержденном вышеназванным Указом:

в пункте 3:

абзац третий изложить в следующей редакции:

«по руководителям ведомств министерств и территориальных подразделений центральных государственных органов (за исключением государственных органов, в которых введена должность ответственного секретаря) - руководителями соответствующих центральных государственных органов;»;

абзац шестой изложить в следующей редакции:

«по должностным лицам, назначаемым ответственными секретарями центральных исполнительных органов, - ответственными секретарями соответствующих центральных государственных органов;».

5. В Указ Президента Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 372 «О статусе и полномочиях ответственного секретаря центрального исполнительного органа Республики Казахстан» (САПП Республики Казахстан, 2007 г., № 25, ст. 285; 2010 г., № 36, ст. 289):

пункт 2 изложить в следующей редакции:

«2. Установить, что ответственный секретарь:

1) является государственным служащим, обладающим особым статусом, назначаемым на должность и освобождаемым от должности Президентом Республики Казахстан по представлению Администрации Президента Республики и согласованию с Премьер-Министром Республики;

2) является должностным лицом:

подотчетным Президенту Республики, Премьер-Министру Республики и руководителю соответствующего центрального исполнительного органа;

контроль за деятельностью которого осуществляют Глава государства либо по его уполномочию Администрация Президента Республики, Премьер-Министр Республики, а также руководитель соответствующего центрального исполнительного органа в пределах своей компетенции;

3) два раза в год отчитывается об итогах своей деятельности перед Администрацией Президента Республики, в том числе по итогам ежегодной оценки эффективности деятельности центральных государственных и местных исполнительных органов областей, города республиканского значения, столицы, осуществляемой в соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 19 марта 2010 года № 954 «О Системе ежегодной оценки эффективности деятельности центральных государственных и местных исполнительных органов областей, города республиканского значения, столицы»;

4) не прекращает своих полномочий в случае отставки Правительства, руководителя центрального исполнительного органа.»;

дополнить пунктами 2-1, 2-2 и 2-3 следующего содержания:

«2-1. Процедура рассмотрения кандидатуры на должность ответственного секретаря осуществляется не менее чем за месяц до момента истечения срока полномочий действующего ответственного секретаря.

2-2. Срок полномочий ответственного секретаря – 4 года со дня его назначения с возможностью продления полномочий не более одного раза по представлению Руководителя Администрации Президента Республики и согласованию с Премьер-Министром Республики.

2-3. Ответственный секретарь может быть досрочно освобожден от занимаемой должности по представлению Руководителя Администрации Президента Республики в случаях, предусмотренных законодательством о государственной службе.»;

полномочия ответственного секретаря, утвержденные вышеназванным Указом, изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему Указу.

6. В Указ Президента Республики Казахстан от 19 марта 2010 года № 954 «О Системе ежегодной оценки эффективности деятельности центральных государственных и местных исполнительных органов областей, города республиканского значения, столицы» (САПП Республики Казахстан, 2010 г., № 24, ст. 173; 2011 г., № 8, ст. 95; 2011 г., № 52, ст. 710):

в Системе ежегодной оценки эффективности деятельности центральных государственных и местных исполнительных органов областей, города республиканского значения, столицы, утвержденной вышеназванным Указом:

дополнить пунктом 62-1 следующего содержания:

«62-1. По итогам оценки в случае снижения показателей эффективности деятельности оцениваемого государственного органа, а также ухудшения ситуации в курируемой сфере деятельности Экспертная комиссия инициирует вопрос о привлечении к ответственности соответствующего политического государственного служащего, ответственного секретаря оцениваемого центрального исполнительного органа.»;

пункт 71 изложить в следующей редакции:

«71. Политические государственные служащие государственных органов, а также ответственные секретари центральных исполнительных органов, подлежащих оценке эффективности, несут персональную ответственность за достоверность, полноту и своевременность предоставления информации за отчетный период для проведения оценки эффективности.».

---



ПРИЛОЖЕНИЕ  
к Указу Президента  
Республики Казахстан  
от 16 ноября 2012 года  
№ 435

УТВЕРЖДЕНЫ  
Указом Президента  
Республики Казахстан  
от 27 июля 2007 года  
№ 372

## **ПОЛНОМОЧИЯ ответственного секретаря**

1. Ответственный секретарь:

1) обеспечивает реализацию политики в соответствующих отраслях (сферах) государственного управления;

2) в пределах своей компетенции исполняет акты и поручения первого руководителя государственного органа;

3) осуществляет руководство аппаратом центрального исполнительного органа: организует, координирует и контролирует работу его подразделений;

4) организует информационно-аналитическое, организационно-правовое, материально-техническое и финансовое обеспечение деятельности центрального исполнительного органа, его ведомств, а также территориальных органов и подразделений;

5) после согласования с руководителем центрального исполнительного органа утверждает структуру и штатную численность государственного органа, ведомств, территориальных органов и подразделений в пределах лимита штатной численности центрального исполнительного органа, утвержденного Правительством Республики, а также вносит изменения в структуру и штатную численность органа, ведомств, территориальных органов и подразделений при реорганизации государственного органа, изменении его функций и принятия соответствующего нормативного правового акта;

6) по согласованию с руководителем центрального исполнительного органа утверждает положения о структурных подразделениях органа и ведомств, курируемых руководителем центрального исполнительного органа или его заместителем;

7) утверждает положения о курируемых им структурных подразделениях центрального исполнительного органа, территориальных подразделениях;

8) курирует деятельность структурных подразделений, ответственных за кадровое, финансовое, юридическое, административное, документационное,

информационное обеспечение деятельности центрального исполнительного органа, реализацию единой государственной политики в сфере развития государственного языка, а также за выполнение процедур организации и проведения государственных закупок;

9) осуществляет общее руководство деятельностью дисциплинарной, аттестационной и конкурсной комиссий центрального исполнительного органа, формирует их состав и определяет председателей из числа руководителей курируемых им структурных подразделений;

10) контролирует соблюдение исполнительской и трудовой дисциплины;

11) осуществляет общее руководство в сфере государственных закупок исполнительного органа:

утверждает годовой план государственных закупок;

утверждает состав конкурсной комиссии;

утверждает конкурсную документацию;

подписывает счета к оплате;

12) организует и отвечает за проведение государственных закупок по материально-техническому обеспечению деятельности исполнительного органа, в том числе:

утверждает техническое задание;

председательствует в заседаниях конкурсной комиссии, рассматривает заявки, подписывает протоколы вскрытия, допуска и об итогах проведения государственных закупок либо в случаях, установленных законодательством Республики Казахстан, возлагает данные полномочия на иных должностных лиц центрального исполнительного органа;

заключает договоры государственных закупок с победителем конкурса;

13) по согласованию с руководителем центрального исполнительного органа назначает на должности и освобождает от должностей директоров департаментов и начальников самостоятельных управлений центрального исполнительного органа, курируемых руководителем центрального исполнительного органа или его заместителями;

14) согласовывает назначение руководителем центрального исполнительного органа заместителей руководителей ведомств, представляемых для назначения руководителями ведомств, в случаях, предусмотренных законодательными актами;

15) назначает заместителей руководителей ведомств, представляемых для назначения руководителями ведомств, за исключением работников, вопросы трудовых отношений которых в соответствии с законодательными актами отнесены к компетенции вышестоящих государственных органов и должностных лиц;

16) по согласованию с руководителем центрального исполнительного органа назначает на должности и освобождает от должностей руководителей территориальных органов и подразделений, за исключением работников, вопросы трудовых отношений которых в соответствии с законодательными актами отнесены к компетенции вышестоящих государственных органов и должностных лиц;



17) назначает на должности и освобождает от должностей заместителей руководителей территориальных органов и подразделений, за исключением работников, вопросы трудовых отношений которых в соответствии с законодательными актами отнесены к компетенции вышестоящих государственных органов и должностных лиц;

18) назначает на должности и освобождает от должностей работников центрального исполнительного органа, за исключением должностных лиц, указанных в подпункте 13) настоящих полномочий, а также работников, вопросы трудовых отношений которых в соответствии с законодательными актами отнесены к компетенции вышестоящих государственных органов и должностных лиц;

19) решает вопросы командирования, предоставления отпусков, оказания материальной помощи, подготовки (переподготовки), повышения квалификации, поощрения, выплаты надбавок и премирования работников центрального исполнительного органа, руководителей ведомств и их заместителей, а также руководителей территориальных органов;

20) решает вопросы дисциплинарной ответственности работников центрального исполнительного органа, за исключением работников, вопросы трудовых отношений которых отнесены к компетенции вышестоящих государственных органов и должностных лиц;

21) организует работу по реализации стратегического плана центрального исполнительного органа;

22) утверждает разработанный на основе предложений структурных подразделений операционный план, а также при необходимости перспективные, годовые и квартальные планы работы государственного органа, обеспечивает их реализацию;

23) обеспечивает подготовку бюджетной заявки центрального исполнительного органа, представление бюджетной заявки руководителю центрального исполнительного органа, который вносит ее на рассмотрение Республиканской бюджетной комиссии, а также выполнение иных процедур бюджетного процесса;

24) обеспечивает разработку и утверждает планы финансирования органа и финансовую отчетность государственного органа;

25) организует разработку регламентов и стандартов оказания государственных услуг;

26) обеспечивает мониторинг и контроль за качеством оказания государственных услуг центральным государственным органом, его ведомствами, территориальными органами и подразделениями, а также подведомственными организациями;

27) организует работу по разработке проектов нормативных правовых актов в пределах компетенции соответствующего центрального исполнительного органа;

28) представляет государственный орган во взаимоотношениях с государственными органами и иными организациями в пределах своей компетенции;

29) в пределах своей компетенции обеспечивает исполнение требований законодательства о борьбе с коррупцией;

30) осуществляет иные полномочия, возложенные законами Республики Казахстан и актами Президента Республики.

2. Для выполнения возложенных на него служебных обязанностей ответственный секретарь вправе:

1) давать обязательные к исполнению поручения работникам центрального аппарата, ведомств и территориальных подразделений государственного органа;

2) запрашивать и получать от иных государственных органов и должностных лиц информацию, документы и материалы, необходимые для решения вопросов, отнесенных к компетенции ответственного секретаря;

3) принимать правовые акты индивидуального применения.

3. На период временного отсутствия (отпуска, командировки, болезни и другие основания) ответственного секретаря, его полномочия возлагаются на директора одного из подчиненных ему департаментов.

4. Не допускается возложение на ответственного секретаря обязанностей первого руководителя центрального исполнительного органа, а также обязанностей ответственного секретаря на первого руководителя центрального исполнительного органа и его заместителя.

---